

Е.Б. Кеукенов^{1*}, К.М. Джаналеева¹, К.Ш. Оразымбетова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: komorymoroni@mail.ru

ҚАРҚАРАЛЫ ТАУЛАРЫНЫҢ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Қарағанды облысының, атап айтқанда, Қарқаралы аласа таулары геожүйелерінің рекреациялық әлеуеті өте бай және мәдени-тарихи нысандарға баруға байланысты танымдықтан бастап, шытырман оқиғалы туризмге және туризмнің басқа да түрлері, экологиялық туризмге дейін туристік қызметтің көптеген түрлерін дамыту үшін барлық мүмкіндіктерге ие. Осы аумақтың рекреациялық әлеуетін дамыту өзектілігі осыны білдіреді. Бұл мақаланың мақсаты – жұмыста ұсынылған экологиялық маршрутты танымал ету, сондай-ақ Қарқаралы аласа тауларының геожүйелері мысалында Қарағанды облысында экологиялық туризмді дамыту үшін ұсынымдар. Мақалада экотуризмнің қысқаша сипаттамасы, зерттеу нысандарының және экспедициялық зерттеулер нәтижесінде атап өтілген неғұрлым тартымды жерлердің сипаттамасы берілген. Ұсынылған экомаршрут туристерді тарту және Қарқаралы тауларының аумағында туризмді танымал ету құралы бола алады. Зерттеулерде далалық, сипаттамалық және картографиялық әдістер пайдаланылды. Қор материалдары бойынша неғұрлым оңтайлы маршрут анықталды, зерделенетін аумақтың картасы және ArcGis бағдарламасының көмегімен екі күндік экологиялық маршруттың карта-схемасы жасалды. Экологиялық маршрут әртүрлі жастағы контингентке бейімделген, сондай-ақ жаяу жүріп өту нұсқасында да өткізілуі мүмкін. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) экотуризмді дамыту перспективалары туралы қорытындылар қалыптасты.

Түйін сөздер: экотуризм, фитотәртүрлілік, геожүйе, биоәртүрлілік, экомаршрут.

E.B. Keukenov^{1*}, K.M. Janaleeva¹, K.S. Orazymbetova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

²Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

*e-mail: komorymoroni@mail.ru

Recreational potential of the Karkaraly mountains

The recreational potential of the Karaganda region, namely the geosystems of the Karkaraly low mountains, is extremely rich and has all the opportunities for the development of most types of tourism activities, from educational, associated with visiting cultural and historical sites to adventurous and other types of tourism and ecological tourism. This is the relevance of the development of the recreational potential of this territory. The purpose of this article is to popularize the ecological route presented in the work, as well as recommendations for the development of ecological tourism in the Karaganda region on the example of geosystems of the Karkaraly low mountains. The article provides for a brief description of ecotourism, a description of the study subject and the most attractive places that were noted as a result of expeditionary research. The presented eco-route can serve as a tool for attracting tourists and promoting tourism in the Karkaraly Mountains. Field, descriptive and cartographic methods were used in the research. Based on stock materials, the most optimal route was identified, a map of the study area and a map-scheme of a two-day ecological route were developed using the ArcGis program. The ecological route is adapted for different ages, and can also be followed on foot. Conclusions were drawn on the prospects for the development of ecotourism in specially protected natural areas (SPNA).

Key words: ecotourism, phytodiversity, geosystem, biodiversity, eco-route.

Е.Б. Кеукенов^{1*}, К.М. Джаналеева¹, К.Ш. Оразымбетова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: komorymoroni@mail.ru

Рекреационный потенциал Каркаралинских гор

Рекреационный потенциал Карагандинской области, а именно геосистем Каркаралинских низкогорий, очень богат и имеет все возможности для развития большинства видов туристской деятельности, начиная с познавательного, связанного с посещением культурно-исторических объектов, до приключенческого и других видов туризма, экологического туризма. В этом и заключается актуальность развития рекреационного потенциала данной территории. Целью данной статьи являются популяризация представленного в работе экологического маршрута, а также предложение рекомендаций для развития экологического туризма в Карагандинской области на примере геосистем Каркаралинских низкогорий. В статье дается краткая характеристика экотуризма, описание объекта исследования и наиболее привлекательных мест, которые были отмечены в результате экспедиционных исследований. Представленный экомаршрут может послужить инструментом для привлечения туристов и популяризации туризма на территории Каркаралинских гор. В исследованиях использовались полевой, описательный и картографический методы. По фондовым материалам выявлен наиболее оптимальный маршрут, составлена карта изучаемой территории и карта-схема двухдневного экологического маршрута с помощью программы ArcGis. Экологический маршрут адаптирован под контингент различного возраста, а также может быть проведен в пешем варианте. Сделаны выводы о перспективах развития экотуризма на особо охраняемых природных территориях (ООПТ).

Ключевые слова: экотуризм, фиторазнообразие, геосистема, биоразнообразие, экомаршрут.

Кіріспе

Қазіргі уақытта туризмді дамыту еліміздің әрбір өңірі үшін басым бағыттарының бірі. Қазіргі кезде халықаралық туризмнің маңызды бағыттарының бірі экологиялық туризм болып табылады (Гладилин, 2016). Жаппай туризмнің қоршаған ортаға әсерінің теріс аспектілері ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында шетелдік зерттеулерде аталып өткен болатын. Экологиялық проблемалар қарқынды өсуі ғалымдардың, көпшілік халықтың, бизнес саласының және т.б. назарында (Жигула, 2015). Экотуризммен айналысатын әртүрлі ұйымдардың бұл түсінікке жақын болғанымен, бірақ нақты мағынасы айқындалмаған. Бір жағдайларда адамның аяғы баспаған жерлерге ұйымдастырылатын сапарлар десе, кей жағдайларда – бұл қоршаған ортаны қорғау қағидаларымен тығыз байланысты туризмнің нысаны ретінде қарастырылған.

Экотуризмді дамыту таза аймақтардағы экожүйелердің тұтастығы мен табиғи қалпын сақтау үшін өте орынды әрі тиімді. (Чандел және Канга, 2020)

Халықаралық экотуризм ұйымы (TIES) анықтамасы бойынша: экологиялық туризм – бұл қоршаған ортаны сақтайтын және жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын қолдап отыратын табиғи аймақтарға, аудандарға жауапты саяхат (Жигула, 2015, Карваш-Франко, 2020).

Ғалымдар ЕҚТА-ны экологиялық туризмді дамытудағы басты буын ете алатын мынадай бірқатар артықшылықтарды бөліп көрсетеді:

- бұл ең көркем, тартымды, танымдық тұрғыдан қызықты жерлерде орналасу;
- қалыптасқан туристік топтарға қызмет көрсету жүйесінің, пысықталған туристік маршруттар жүйесінің, ағарту жұмысын ұйымдастыру тәжірибесінің болуы;
- белгілі бір инфрақұрылымның және маманданған қызметкерлердің болуы;
- жергілікті халықтың нақты табиғи нысандарға және оның аумағындағы шаруашылық қызметте қолданылатын экологиялық шектеулерге оң көзқарасын қалыптастыру. (Звягина, 2014).

Қорықтарға қарағанда ұлттық парктер үшін туризмді дамыту ең маңызды және ресми мәлімделген қызмет түрлерінің бірі. Алайда, ұлттық парктерде туризмді дамыту тиімді инфрақұрылым құруды талап етеді (Гладилин, 2006).

Тұтастай алғанда, биологиялық және ландшафтық әртүрлілікті сақтауға, ерекше экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық құндылығы бар бірегей табиғи кешендер мен Мемлекеттік табиғи-қорық қорының (МТҚҚ) нысандарын табиғатты қорғау, экологиялық-ағарту, ғылыми, туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің (ҚМҮТП) табиғатында экотуризмді табысты дамыту үшін мінсіз жағдайлар бар (<http://karkaralinskipark.kz/about>).

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде: әдеби дереккөздер, анықтамалар, алдыңғы ботаникалық зерттеулердің материалдары (Горчаковский, 1987), республикалық және облыстық мекемелердің қор және жарияланған материалдары мен (ҚР География институты,

«Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» РМК және т.б.); 2019-2020 жылдардағы табиғат жылнамаларының деректері пайдаланылды.

Қазақстан аумағында экотуризмді зерттеумен айналысқан ғалымдар арасында И. Акбардың, Б. Ақтымбаеваның, Н. Ачиловтың, К. Ахмеденовтің еңбектерін атап өтуге болады (Акбар, 2020, 2021; Ақтымбаев, 2021; Ачилов, 2017; Ахмеденов, 2020).

Пайдаланылған зерттеу әдістері: далалық, картографиялық және сипаттамалық (1-сурет).



1-сурет – Зерттеу әдістері

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (ҚМҮТП) 1998 жылы Қарқаралы және Кент тау сілемдерінің бірегей табиғи кешендерін сақтап қалу және қалпына келтіру мақсатында құрылды. Аумақ Орталық Қазақстанның да, тұтастай алғанда, еліміздің де тұрғындарының сүйікті демалыс орны болып табылады.

Қарқаралы аласа тауларының геожүйелері Қазақтың ұсақ шоқыларының шығыс бөлігінде, Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының аумағында орналасқан. Олар солтүстіктен – солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 30-35 километрге созылып жатқан, ені 20-25 километр болатын аласа таулардың оқшауланған

сілемдері бар ұсақ шоқылы жер бедерін білдіреді. Таулар – Орталық Қазақстандағы ең биік таулардың бірі және жекелеген қатарлы таулардан (Жиренсақал, Ақтерек, Мырзашоқы, Қарқаралы, Бұғылы, Көктөбе, Шаңкөз) тұрады. Ең биік шыңы – биіктігі теңіз деңгейінен 1403 метр, Жиренсақалдың оңтүстік қатарына кіретін Комсомольский. Бұл қатардан оңтүстік-шығысқа қарай биіктігі теңіз деңгейінен 1230 метр Ақтерек және биіктігі теңіз деңгейінен 1170 метр Мырзашоқы таулары орналасқан. Солтүстікке қарай теңіз деңгейінен биіктігі 1115 метрге дейінгі Қарқаралы өркеш-өркеш тау қатары (бүкіл таулы-орманды сілемге атау

берген), Бұғылы қатары (теңіз деңгейінен 1323 метр) және биіктігі теңіз деңгейінен 1360 метрге дейінгі Шаңкөз қатары орналасқан. Батысында жеті шыңды Көктөбе (теңіз деңгейінен 1254 метр) таулары орналасқан. Қарқаралы таулы-орманды сілемі Кеңдара, Құрөзек, Қаратоқа және басқа да тауаралық аңғарлармен бөлінген, жерасты тұщы суларына бай өлке.

Жер бедерінің, топырақ жамылғысының сан алуандығы фитоәртүрліліктің дамуын айқындап береді.

Зерттеліп отырған жергілікті жер толығымен далалық ландшафттық-климаттық аймақтың құрғақ дала кіші аймағында орналасқан. Қарқаралы аласа тауларында, негізінен, *Rosa spinosissima*, *Rosa majalis*, *Juniperus communis*, *Lonicera tatarica*, *Padus avium*, *Crataegus sanguinea* бұталары бар қарағайлы ормандар өседі. Олардың үлесіне таулы ормандардың жалпы көлемінің 71,3%-ы тиесілі. Қайың ормандары (*Betula pendula*, *B. pubescens*) солтүстік және солтүстік-шығыс экспозицияның беткейлерімен, шоқыаралық аңғарлармен, өзендер мен бұлақтардың бойымен жайғасқан. Олар орманмен жабылған аумақтың 10%-ын алады, орманды аумақтың шамамен 2%-ы жер бедерінің депрессияларында, шағын өзендер мен бұлақтардың аңғарларымен, тау беткейлердің маңында таралған көктеректі тоғайларға (*Populus tremula*) тиесілі (Дикарева, 2014; Кеукенов, 2021).

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Экотуризм мынадай бірқатар негізгі шарттарды қамтиды:

- экскурсиялық нысанда орналасқан табиғи ландшафт, көрікті жерлерден, әртүрлі биоресурстармен туристерді еліктіретін, қызықтыратын;

- жалпы ресурстарды зерделеу мен түсінуге шоғырланған геожүйеге тән белгілерге назар аудару, саяхатшылардың баратын аймақтағы физикалық және мәдени ортаға барынша аз ауыртпалық түсіру.

Экотуризмнің құрамдастары табиғи нысандарды, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптары, тұрмыстық және шаруашылық қызметтің ерекшеліктері бар әлеуметтік-мәдени құрамдас бөлікті қамтитын аумақтың немесе өңірдің табиғи, тарихи-мәдени әлеуеті болып табылады.

Қарқаралының аласа таулары эндогендік және экзогендік процестердің әсерімен қалыптасқан. Эндогендік процестер осы аласа таулардың тереңдігінде жатыр. Бұл макроқұрылым эндогенездің әсерімен қалыптасты (Абдулин, 1994). Мезозойда, Қазақстанның бүкіл аумағы теңізбен жабылған кезде, осы аласа таулардың беткейлерінде мықты борпылдақ тұнба шөгінділер қалыптасқан. Макроқұрылымдардың неғұрлым маңызды бөліктері төрттік кезеңде, бірақ Қарқаралы таулар макроқұрылымы қалыптасуының негізгі кезеңі – бұл неоген және төрттік кезеңге сәйкес. Аласа таулардың биіктігі 1500 метрден сәл асатындықтан, Қарқаралы тауларының геожүйелері жас болып есептеледі. Яғни, олардың динамикасына сәйкес төрттік кезеңге жатады. Осыған байланысты, Қарқаралы аласа тауларының аумағында пенепленденген жерлер экзогендік факторлардың әсерінен өзгерген төрттік шөгінділермен, ежелгі пенепленденген учаскелермен кезектесіп жүретін жер бедері қалыптасқан (Джаналеева, 2010).

Қарағай ормандары (*Pinus sylvestris*), негізінен, қыналы, түрлі шөптесін, мүкті-түрлі шөптесін түрлерімен таралған, олар тар шатқалдардың құлама беткейлерінің бойында орналасқан және тауаралық аңғарларды алып жатыр. Жыралардың түбінде *Chimaphilla umbellata*, *Moneses uniflora*, *Orthillia secunda*, *Pyrola chlorantha* бореалды ұсақ шөптесіндердің шөпті-бұталы қабаттарында қатысатын шағын жерлер бар, беткейлерінде *Solidago virgaurea*, *Trifolium lupinaster* борлы түрлері кездеседі. Қарағай ормандарындағы үгілген граниттерде мезоксерофиттер өседі: *Allium nutans*, *A. lineare*, *Veronica incana*, *Orostachis spinosa*, *Melandrium viscosa*. Қыналы қарағай ормандарында шөпті өсімдіктер көп емес: *Carex supina*, *Antennaria dioica*, *Archyrophorus maculate*, *Dracocephalum nutans*, *Fragaria vesca*. Сипатталып отырған дала ормандарында бореалды флораның типтік өкілдерінен бөлек, жалпақжапырақты орман белдемінің реликтері де кездеседі, олардың арасында кең жапырақты және қылқан жапырақты-кең жапырақты ормандарға тән түрлер бар: баймана (*Cardamine impatiens*), ементоғайлы қоңырбас (*Poa nemoralis*), еуропалық құсық шөп (*Asarum europaeum*) (Горчаковский, 1987).

Қарқаралы аймағының туристік-рекреациялық әлеуетін қалыптастырудың өңірлік ерек-

шелігі тартымды табиғаты мен табиғи ресурстарының саналуандығында.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің (ҚМУТП) аумағының экологиялық туризмді дамыту үшін ең қолайлы шарттарының бірі. Әзірленген туристік соқпақтар мен маршруттар ерекше маңызға ие, Қарқаралы тауларының рөлі зор. Оларға тән ерекшелік – тұщы, таза мөлдір суы бар бұлақтардың көптігі. Әсіресе, жергілікті тұрғындар газдалған суы бар Суықбұлақ

бұлағын ерекше атап көрсетеді, оның температурасы жыл бойы $+6^{\circ}\text{C}$ құрайды, ол ғажайып емдік қасиеттерге ие.

Республикалық маңызы бар тарихи ескерткіш мәртебесі бар бірегей нысан Кент тауларындағы Беғазы-Дәндібай дәуірінің сәулет кешені – «Қызылкент сарайы» болып табылады (2-сурет) (Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми материалдар жинағы).



а)



в)

2-сурет – Кент тауларындағы «Қызылкент сарайы» (автор түсірген фотосурет)
А) Қызылкент сарайына кіреберіс; В) Қызылкент сарайы

«Қызылкент сарайының» аумағы өзінің тарихымен тартымды, оның аумағында алаңы кемінде 30 га болатын, бірнеше мың тұрғын тұрған көшелер мен орамдарға бөлінген қала болды. Мыс пен қоланы балқытқан металлургиялық орамы анық байқалады. Шерберлер қару-жарақты, ат әбзелдерін, зергерлік бұйымдарды жасаған. Қалашықтың ортасын-

да Қызылкент сарайы – XVII ғасырдың екінші жартысындағы будда монастырі.

Көптеген ежелгі аңыз-әңгімелер, таңғажайып бай жануарлар әлемі, мұз дәуірінің көптеген реликт өсімдіктерімен ұсынылған өзіндік ерекше флора, бірегей тау көлдері мен геологиялық түзілімдер жергілікті жерге ерекше танымалдылық береді (3-сурет).



А)



В)



С)



Д)

3-сурет – Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің (ҚМҮТП) көрнекті нысандары

А – Пашено көліндегі инфрақұрылым (сурет Google Earth бағдарламасынан алынды);

В – автордың түсірген фотосуреті Бассейн көлі;

С – автордың фотосуреті табиғат музейі; Д – автордың фотосуреті алғашқы қауым адамының үңгірі

Аумақта: халық шебері И.Я. Сметанкин салған және ағаш оюымен безендірген «Орманшының үйі» тарихи ескерткіші (1910-1913 жж.); қорғандармен, қорымдармен, ежелгі қоныстармен ұсынылған 30-дан астам археологиялық нысан орналасқан. Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде (ҚМҮТП) құстар мен аңдардың 60 экспонаты, энтомофаунасы бар 9 стенд, минералдары бар стенд пен өсімдіктердің 250-ден астам түрінің гербарийлері орналастырылған орнитофауна, фитофауна және демонстрациялық залдардан тұратын Табиғат музейі орналасқан. Музейге алаңы 80 га болатын зоологиялық вольер шектесіп жатыр, онда бұғылар, кодастар, шұбар кербұғылар, бизондар, аюлар мекендейді. Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде (ҚМҮТП) 7 табиғат ескерткіші бар: ғажайып табиғи құрылыс – «Тас шатыр»; Мәліксай шатқалында орналасқан «Үш үңгір» немесе «Алғашқы қауым адамының үңгірі» – гранит тақталардан жасалған және жер астына апаратын үш кірер тесігі бар шағын тас каньон, жаңа тас және қола ғасырларындағы адам тұрақтарының орны; Комиссаровка шатқалында орналасқан «Сібір шыршасы», шырша 1920 жылдары отырғызылған; «Сібір балқарағайы» – 1940 жылы отырғызылған алғашқы балқарағай; «Шаған жапырақты үйеңкі» екпесі – 1914 жылы отырғызылған бір ағаш; таулы-орманды сілемнің арасында орналасқан және жергілікті жердің ерекше әшекейі болып табылатын Шайтанкөл және Бассейн көлдері. Бассейн көлі граниттен жасалған, су толтырылған, тереңдігі 5 метр болатын үлкен төртбұрышты қобдишаға ұқсайды. Шайтанкөл немесе Чертово көлі көптеген аңыз-

әңгімелерді, қазіргі кезеңдегі жазушылар мен ақындардың шығармаларының дүниеге келуіне себепші болды. Көлдерге саяхаттаудың оңтайлы мезгілдері – көктем, жаз және күз. Туристердің маршрут нысандарына жету маңызды элемент болып табылады, танымдық мақсатта «Тарихи ескерткіштер» маршруты әзірленген (Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми материалдар жинағы).

Көркем табиғат пен таза орман ауасымен үйлесімділік, көптеген демалушыларды демалыс орындарына тартады. 1403 метр биіктікке көтерілетін Қарқаралы шыңына көтерілуді қоса алғанда, өздігінен жүретін жаяу тау жорықтары, сондай-ақ Шайтанкөл және Бассейн көлдеріне қарапайым жорықтар туристер арасында өте танымал. Тау бедері велотуризмнің, атап айтқанда, маунтинбайктың дамуына қолайлы. Бірқалыпты демалыс саңырауқұлақтар мен жидектер жинауды, Пашенное көлінде шомылуды және т.б. қамтиды. Таушаңғы кешені ерекше танымалдыққа ие.

Аудан орталығы – Қарқаралы қаласы көпшілікке көп қызығушылық туғызады. Қарқаралы – облыстың экономикалық және мәдени өмірінде маңызды орын алатын, Қарағанды облысының ең көне қаласы. Қаланың дамуында мәдени-тарихи, танымдық және емдік-сауықтыру туризмі маңызды орын алады. Қаланың тарихы 1824 жылғы тамыздан, бекініс салынып, үш жылдан кейін казак станицасына айналған кезден бастау алады. 1869 жылы Қарқаралы уездік қала мәртебесін алды. XIX ғасырда қала арқылы Орталық Азиядан Сібірге керуен жолдары өткен. Тарихи-мәдени және әдеби туризмнің

нысандары ретінде қаланың үлкен ерекшеліктері көрінеді, себебі, белгілі саясаткерлердің, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің, ағартушылардың, ғалымдар мен саяхатшылардың өмірі мен қызметтеріне байланысты көптеген орындар бар (4-сурет).

Қарқаралы туралы ғылыми мәліметтер 1865 жылы П.П. Семенов Тянь-Шанскийдің

редакциясымен шығарылған «Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігінің» екінші томында жарық көрді. Одан Ресейде тау үңгірлерінің жасыл оазисі мен алғашқы қауым мәдениетінің тарих ескерткіштері туралы ақпарат алғаш рет білгілі болды (Орталық Қазақстан (ақпараттық буклет)).



4-сурет – Қарқаралы қаласының тарихи-өлкетану музейі (Автордың түсірген фотосуреті, 2021 ж.)

Қаланың басты көрікті жерлері – тарихи орындар мен ескерткіштер: Абай үйі, Құнанбай қажы мешіті, көпестер Рязанцев пен Бекметовтің көне ғимараттары, 5000-нан астам экспонаты бар тарихи-өлкетану музейі және т.б. Қазіргі заманғы сәулет ескерткіштерінің ішінде: Батырлараллеясын, «Бәйтерек» даңқгалереясын, МИГ жауынгерлік ұшағы бар «Сарыарқаның үшқыштарына» даңқ мемориалдық кешенін атап өтуге болады.

Қарқаралы оазисінің бай әрі сан алуан флоралық құрамы ауданда ғылыми экскурсиялардың, фототуризмнің дамуына,

ғылыми топтамаларды – гербарийлерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қарқаралы тауларының ормандарында (орманмен жабылған жерлердің алаңы – 53,6 мың га), фитонцидтік қасиетке ие және емдік әсері бар қарағай үстемдік ете отырып, қылқан жапырақты ағаштар басым. Аралас және жапырақты ормандар 10-12 %-ға дейін. Қайың, көктерек, тал, мойыл кездеседі.

Қарқаралы – тегіс жусанның отаны. (5-сурет). Осы реликт өсімдіктен Қарағанды фитохимия институтында қатерлі ісік ауруларын емдеуге арналған ісікке қарсы арглабин препараты шығарылады (Адекенов, 2020).




5-сурет – Тегіс жусан (экспедиция маршруты бойында автор жинаған гербарий 2020 ж.)

Урбанизация баға-сапа тұрғысынан қолжетімді демалыс күнгі туристік сапарлар негізінде адамдардың рекреациялық демалыс пен физиологиялық және рухани күштерін қалпына келтіру, айналасындағы орта мен жағымсыз әсерлерді өзгерту, бос уақытты ұйымдастыру қызметінің әртүрлілігі мен уақыт өткізуді эмоционалды жағынан қанықтыру қажеттіліктерін қанағаттандыратын экомаршруттар

– халықтың демалыс күндерінің сапарларын тиімді, әрі пайдалы өткізудің алдын ала айқындайды.

2020-2021 жылдар аралығындағы кезеңдегі экспедициялық зерттеулердің нәтижесінде біз Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің (ҚМУТП) қорық аймағына демалыс күнінің оңтайлы маршрутын анықтадық. Маршрут бағдарламасы 1-кестеде және 6-суретте көрсетілген.



6-сурет – Қарқаралы мемлекеттік табиғи паркіндегі экологиялық маршруттың карта-схемасы (автор ArcGIS бағдарламасында жасаған)

Маршрут 2021 жылғы 29 қаңтарда облыс орталығы Қарағанды қаласынан шығу негізінде әзірленді, қонақтарға арналған үйде жайғаса отырып, тартымды учаскелерге жету уақытын өлшеу жүргізілді (7-сурет). Маршрут кемпингтер мен тартымды рекреациялық орындарды бөліп көрсете отырып, GPS навигатор бойынша қозғалысты жазуды көздеді (1-кесте).

1-кесте – Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі (ҚМУТП) экомаршрут

1-күн			
№	Нысан	Келу уақыты	Координаттары (WGS 84)
1.	Қарағанды қаласынан жөнелу	7:00	49.804883, 73.096593
2.	Қонақтарға арналған үйге келу	10:00	49.407408, 75.479192
3.	Жаяу жолдың басы – «Берлога» демалыс аймағы	11:00	49.411677, 75.435947
4.	Саймантау тауының шыңына апаратын жол	11:30	49.412150, 75.426321
5.	Орман алаңқайы	12:30	49.402429, 75.398606
6.	Саймантау тауының баурайы	13:20	49.398388, 75.387128
7.	Саймантау шыңы	14:30	49.396456, 75.379168
8.	Түсу	14:45	49.398632, 75.378687
9.	Шайтанкөл көлі	15:30	49.396639, 75.393385
10.	Орман алаңқайы	16:30	49.402429, 75.398606
11.	Жаяу жолдың соңы – «Берлога» демалыс аймағы	17:30	49.411677, 75.435947
12.	Қонақтарға арналған үйге оралу	18:00	49.407408, 75.479192
2-күн			
1.	Қонақтарға арналған үйден шығу	10:45	49.407408, 75.479192
2.	Жаяу жолдың басы – «Жолжақсы» демалыс аймағы, Пашено көлі	11:00	49.359389, 75.401935
3.	Паровозик тауының етегі	11:30	49.362016, 75.397301
4.	Паровозик тауының шыңы	12:30	49.365113, 75.380875
5.	Паровозик тауының етегі	13:15	49.362016, 75.397301
6.	Жаяу жолдың басы – «Жолжақсы» демалыс аймағы, Пашено көлі	13:45	49.359389, 75.401935
7.	Қонақтарға арналған үйге оралу	14:00	49.407408, 75.479192
8.	«Үш үңгір» ежелгі заман ескерткішіне апаратын жол	16:00	49.432071, 75.486543
9.	«Үш үңгір» ежелгі заман ескерткіші	16:15	49.428893, 75.479094
10.	Қарағанды қаласына оралу	20:15	49.804883, 73.096593



А)



В)



С)

7-сурет – Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі (ҚМУТП) экомаршруттан автордың экспедициялық фотосуреттері
 А – Паровозик тауының шыңы; В – Саймантау тауының шыңы; С – ежелгі ескерткіш «Үш үңгір, тоқтап қалған сарқырама»

Қорытынды

Қарқаралы аласа таулары геожүйелерінің аумағын зерделеу нәтижесінде Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің (ҚМҮТП) туризмді дамыту үшін ең тартымды аумақ болып табылатыны анықталды. 2020-2021 жылдар аралығындағы кезеңдегі экспедициялық зерттеулер бойынша маршрут бойынша 7 табиғи ескерткіші аталып өтті: ғажайып табиғи құрылыс – «Тас шатыр»; Мәліксай шатқалында орналасқан «Үш үңгір» немесе «Алғашқы қауым адамының үңгірі» – гранит тақталардан жасалған және жер астына апаратын үш кірер тесігі бар шағын тас каньон, жаңа тас және қола ғасырларындағы адам тұрақтарының орны; Комиссаровка шатқалында орналасқан «Сібір шыршасы», шырша 1920 жылдары отырғызылған; «Сібір балқарағайы» – 1940 жылы отырғызылған алғашқы балқарағай; «Шаған жапырақты үйеңкі» екпесі – 1914 жылы отырғызылған ағаш; Шайтанкөл және Бассейн көлдері – Қарқаралы қаласының мәдени-тарихи мұрасы. Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің (ҚМҮТП) табиғи ортасын зерделеу нәтижесінде біз рекреациялық тартымдылықты және бай флоралық әртүрлілікті ескере отырып, екі күндік экомаршрутты әзірледік, сондай-ақ

өсімдік түрлерін анықтау үшін гербарий жинау жүргізілді.

Қарқаралы аласа таулары геожүйелерінің туристік мүмкіндіктері біршама артықшылықтарға ие: ыңғайлы географиялық орналасуы, жақсы сақталған табиғи әлеуеті, бай мәдени-тарихи мұрасы.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің (ҚМҮТП) табиғи әлеуетін тиімді пайдалану үшін қонақтарға арналған үйлерде жайғаса отырып, демалыс күнгі экомаршруттарын енгізуді ұсынамыз. Экомаршруттарды құру туристік-рекреациялық инфрақұрылымдағы (туристік-ақпараттық, экологиялық-білім беру және экотуристік визит-орталықтарды, рекреациялық және тарихи-мәдени көрікті жерлердің туристік карталарын) өзгерістерді енгізуді көздейді.

Зерттеу нысандарын дамытудағы болжамдар: туристік салаға әзірленген ғылыми негізделген экомаршруттарды аймақтық деңгейде демалыс және туризм индустриясында ұтымды ұйымдастыру мен жоспарлау және оның келешекте қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаларын экономикалық тұрғыда дамытуға қосатын үлесін талдауда, үлгілік ұсынымдар ретінде қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер

- Абдулин А. Қазақстанның геологиясы және минералогиялық ресурстары. – Алматы: Ғылым, 1994. – 400 б.
- Адекенов С. (2020). H-Ras онкопротеиндерінің экспрессиясымен сүт безінің катерлі ісігі кезінде Арглабин препаратымен жасалатын неоадьювантты терапия. Азия-Тынық мұхиты катерлі ісік ауруы профилактикасының журналы: APJCP, 21, 3441-3447 бб.
- Ақбар И., Мырзалиева З., Тажекова А., Саулембаев А., Кенжебай Р. (2021). Ақсу-Жабағылы табиғи қорығындағы қауымдық экотуризмнің даму жай-күйін бағалау. – Қазақстан. Туризм мен геосайттардың геожурналы, 35. <https://doi.org/10.30892/gtg.35216-662>
- Ақбар И., Чжаопин Ю., Мазбаев О., Секен А. Удахогора М. (2020). Жергілікті тұрғындардың туризмге дүниежүзілік мұра нысандарына қатысуы және шектеулер: Ақсу-Жабағылы дүниежүзілік мұра табиғи нысандарының мысалында. – Қазақстан. Туризм мен геосайттардың геожурналы, 28. <https://doi.org/10.30892/gtg.28103-450>
- Ақтымбаева Б., Кошкымбаева У., Абишева З., Токбергенова У., Тумажанова М. (2020). Туризм саласын дамыту және басқару: Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы тәжірибесін кезең-кезеңмен салыстырмалы шолу, 1991-2020 жылдар. – Қазақстан. Туризм мен геосайттардың геожурналы, 34, 69-76 бб. <https://doi.org/10.30892/gtg.34110-621>
- Ахмеденов К.М. (2020). Батыс Қазақстан тұзды көлдерінің туристік-рекреациялық әлеуеті. Туризм мен геосайттардың геожурналы, 30. – 782-787 бб. <https://doi.org/10.30892/gtg.302spl01-505>
- Ачилов Н. (2017). Туризм индустриясының дамуы: Қазақстан мысалында өсу үшін перспективалар мен артықшылықтар. – Туризм мен қонақжайлылық журналы, 6 (267), 2167-0269 бб. <https://doi.org/10.4172/2167-0269.1000267>
- Гладилин В.А. (2006). Егер білсең, онда сабанды да төсеме... Ауылшаруашылық кәсіпорындары кәсіпкерлік қызметінің тиімділігін басқару. – Ресей кәсіпкерлігі. № 9. – 87-91 бб.
- Гладилин В.А., Котова Т.Н. (2016). Өңірдің ішкі туризмін дамыту факторы ретінде туристік кластерлерді экономикалық дамыту үшін инновациялық шешімдер. Жаһандық әлемдегі бәсекеге қабілеттілік: экономика, ғылым, технология. – № 8-1 (20). – 99-102 бб.
- Горчаковский П.Л. (1987). Қазақ ұсақ шоқыларының орман оазистері. – Ресей. Мәскеу: Наука.
- Джаналеева Г.М. Қазақстан Республикасының физикалық географиясы – Астана, 2010. – 592 б.
- Дикарева Т.В., Леонова Н.Б. (2014). Қарқаралы ұлттық паркі (Қазақстан Республикасы) шоқыларының фитоәртүрлілігі. Қуаңшылық экожүйелер, №4 (61). – 105-114 бб.

- Жигула Л.Д. (2015). Экологиялық туризмнің негіздері. Проспект, Мәскеу, Ресей.
- Звягина Е.С. (2014). РФ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарындағы экологиялық туризмді дамыту перспективалары. – *Власть*, №1. – 74-76 бб.
- Карваш-Франко М., Карваш-Франко О., Карваш-Франко В. (2020). Қорғалатын табиғи аумақтардағы экотуризмге қанағаттанушылықты зерделеу. – *Туризм мен геосайттардың геожурналы*, 29(2). – 672-683 бб. <https://doi.org/10.30892/gtg.29223-498>
- Кеукенов Е.Б., Джаналеева К.М. (2021). Қарқаралы тауларының биоресурстарын пайдалану. – *ҚазҰТУ Хабаршысы* №5 (143). – 10-17 бб.
- Қарағанды облысының ресми ақпараттық порталы [Электрондық ресурс]. URL: <http://www.karaganda-region.gov.kz/>
- Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми материалдар жинағы. (2011). Құрастырған Ш.Ф. Шарипов, С.М. Резниченко, П.А. Чумаченко. Гласир. – Қазақстан, Қарағанды.
- Орталық Қазақстан (ақпараттық буклет). (2012). «Қарағанды облысының Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ. – Қазақстан, Қарағанды.
- Чандел Р.С., Канга С. (2020). Батыс Раджастандағы экотуризмді орнықты басқару, Үндістан: Геокеңістіктік көзқарас. *Туризм мен геосайттардың геожурналы*, 29 (2). – 521-533 бб. <https://doi.org/10.30892/gtg.29211-486>
- **URLI (2021) <https://earth.google.com/>
- **Шуак тарихи-өлкетану сайты. www.shuak.kz, idrive.kz. «Павлодардан Қарқаралыға дейін» Н. Коншин. Татьяна Тен URL: <http://karkaralinskpark.kz/about> [Электрондық ресурс] (Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің сайты).

References

- Abduln A. *Geology and Mineralogical Resources of Kazakhstan*. – Almaty: Gylym, 1994. – 400 p.
- Achilov, N. (2017). Tourism Industry Development: Prospects and Benefits for Growth on The Example Of Kazakhstan. *Journal of Tourism and Hospitality*, 6(267), 2167-0269. <https://doi.org/10.4172/2167-0269.1000267>
- Adekenov S. (2020). Neoadjuvant Therapy with Arglabin in Breast Cancer with H-Ras Oncoproteins Expression. *Asia Pacific Journal of Cancer Prevention: APJCP*, 21, pp. 3441-3447
- Akbar I., Myrzaliev Z., Tazhekov A., Saulembayev A. and Kenzhebay R. (2021). Assessment of the Community Ecotourism Development in the Aksu-Dzhabagly Nature Reserve, Kazakhstan. *Geojournal of Tourism and Geosites*, 35. <https://doi.org/10.30892/gtg.35216-662>
- Akbar I., Zhaopin Y., Mazbaev O., Seken A. & Udahogora M. (2020). Participation of Local Residents in Tourism at a World Heritage Site and Limitations: Case Study of the Natural World Heritage Site of Aksu-Dzhabagly, Kazakhstan. *Geojournal of Tourism and Geosites*, 28. <https://doi.org/10.30892/gtg.28103-450>
- Akhmedenov K.M. (2020). Tourist and Recreational Potential of the Salt Lakes of Western Kazakhstan. *Geojournal of Tourism and Geosites*, 30. – pp. 782-787. <https://doi.org/10.30892/gtg.302spl01-505>
- Aktymbaeva B., Koshkimbaeva U., Abisheva Z., Tokbergenova U. and Tumazhanova M. (2020). Development and Management of Tourism Industry: a Comparative Step-By-Step Review of the Experience of Kazakhstan during the Years of Independence, 1991-2020. *Geojournal of Tourism and Geosites*, 34, 69-76. <https://doi.org/10.30892/gtg.34110-621>
- Central Kazakhstan (informational brochure). (2012). Department of Tourism, Physical Education and Sports of the Karaganda Region, State Institution, Karaganda, Kazakhstan
- Chandel, R. S., & Kanga, S. (2020). Sustainable Management of Ecotourism in West Rajasthan, India: Geospatial Approach. *Geojournal of Tourism and Geosites*, 29(2), 521-533. <https://doi.org/10.30892/gtg.29211-486>
- Dikareva T.V., Leonova N.B. (2014). Hills Phytodiversity at the Karkaralinsky National Park (Republic of Kazakhstan). *Arid Ecosystems*, No. 4 (61). – pp. 105-114.
- Dzhanaleeva G.M. *Physical Geography of the Republic of Kazakhstan–Astana*. 2010, – 592 p.
- Gladilin V. A. (2006). Danger Foreseen Does not Require to Be Avoided... Efficiency Management in Entrepreneurial Activity of Agricultural Enterprises. *Russian Entrepreneurship*. No. 9. – pp. 87-91.
- Gladilin V.A., Kotova T.N. (2016). Innovative Solutions For The Economic Development Of Tourism Clusters As A Domestic Tourism Development Factor in the Region. *Competitiveness in the Global World: Economics, Science, Technology*. No.8-1 (20). – pp. 99-102.
- Gorchakovskiy P.L. (1987). *Forest oases of the Kazakh uplands*. Russia Moscow: Nauka.
- Karkaraly State National Natural Park Scientific Materials Collection. (2011). Authors: Sharipov Sh.F., Reznichenko S.M., Chumachenko P.A. Glasir, Karaganda, Kazakhstan
- Karvas-Franco, M., Karvas-Franco, O. & Karvas-Franco, V. (2020). Satisfaction Degree Study with Ecotourism in Protected Natural Areas. *Geojournal of Tourism and Geosites*, 29(2), 672-683. <https://doi.org/10.30892/gtg.29223-498>
- Keukenov E.B., Dzhanaleeva K.M. (2021). Use of Bioresources of the Karkaraly Mountains. *Bulletin of KazNITU* No.5 (143). – pp. 10-17.
- Official informational web portal of the Karaganda region [Electronic resource]. URL: <http://www.karaganda-region.gov.kz/> URL: <http://karkaralinskpark.kz/about> [Electron. resource] (Website of the Karkaraly State National Natural Park).
- Zhigula L.D. (2015). *Fundamentals of Ecological Tourism*, Prospekt, Moscow, Russia.
- Zvyagina E.S. (2014). Prospects For The Development Of Ecological Tourism In Specially Protected Natural Areas Of The Russian Federation. *Vlast*. No.1. – pp. 74-76.
- **Shuak local history website. www.shuak.kz, idrive.kz. “From Pavlodar to Karkaralinsk” N. Konshin. Tatyana Ten
- **URLI (2021) <https://earth.google.com/>